

**Сламов Н.Б.**

**БОЛАШАҚТЫҢ ЖАҒАНДЫҚ КӨШБАСШЫЛАРЫН ДАЙЫНДАУ**

**Оқу құралы**

**Алматы, 2017**

**ӘОЖ 641/642 (075.8)**

**КБЖ 65.431 я 73**

**Б 27**

**Сламов Н.Б.**

**Б 27 БОЛАШАҚТЫҢ ЖАҒАНДЫҚ КӨШБАСШЫЛАРЫН  
ДАЙЫНДАУ:** Оқулық білім беру және оқу орындарындағы білім  
алушыларға арналған. Қызылорда, 2017. – 136 б.

**ӘОЖ 641/642 (075.8)**

**КБЖ 65.431 я 73**

**ISBN 978-601-243-454-5**

**© Сламов Н.Б.**

**© Алматы, 2017**

## КІРІСПЕ

Билік ұғымы туралы түсінікпен, биліктің шығу тегі мен функцияларымен, биліктің легитимділігі және саяси биліктаныстырумен магистранттарды таныстыру. Неге адамдар басқа адамдарға бағынады? Т.Джефферсон айтқандай, бір адамдар — арқасында ерімен, ал басқалары — аяқ киімдеріндегі өкше темірлерімен туылмаңды. Бірақ осылай болса да, біреулер билік құрады, ал басқалары осы билікті мойындайды және оған мүлтіксіз бағынады.

Билік құрылымын зерттеушілер бұл ұғымды анықтауда әр түрлі тәсілдерді қолданып, түрлі көзқарастарды ұстанады. Билік — билік құру объектісін басқарудағы ерекше іс- әрекеттерді жүзеге асыратын субъект. Себебі, биліктің әсері қоғамның барлық құрылымдық элементтерінде бойлай отырып, соларда жүзеге асатындықтан, билік қоғамдық өмірдегі өз көрінісінің көптүрлілігімен сипатталынады. Бұл:

- еріктің, бастаманың, жігердің көрінуі, субъект-субъектілік қатынастардың белсенді элементі;
- мақсатты жасақтау, бағыныштылардың тіршілік әрекеттерінің мәнді аспектілерін бағдарламалау;
- шешімдер қабылдау, оларды жүзеге асыру тетіктерін анықтау;
- жеке мүдделерді түйістіру мен ескеру;
- жалпы мүдделердің жеке мүдделерден басымдығын мойындау және осы басымдықтарды қамтамасыз ету үшін биліктік ықпал ету нормалары мен құралдарын қолдану;
- биліктік ықпал етудің әлеуметтік мәнін мойындаумен байланысты билік субъектісінің ерекше психикалық жағдайы және т.б.

Алайда, мұнда осы тәртіпті қалай, қандай тәсілдермен, құралдармен, акциялармен, өрекеттермен іске асыруға бола- ды, ол адамдарға не береді, оның әлеуметтік ықпалы мен мәні, сондай-ақ билік құрудың саяси мәдениетінің әлеуметтік өмірдің әр түрлі аспектілеріне және тұлғаның өзіне

әсері қан- дай деген сияқты мәселелер ашылмай қалады. Саяси білімдер жүйесінде билік ұғымын анықтаудың төмендегідей әр түрлі тәсілдері бар:

### **1- тақырып. Биліктің теориялық негіздері**

**2. Мақсаты мен міндеттері:**Билік ұғымы туралы түсінікпен, биліктің шығу тегі мен функцияларымен, биліктің легитимділігі және саяси биліктаныстырумен магистранттарды таныстыру

**3. Мазмұны.** Неге адамдар басқа адамдарға бағынады? Т.Джефферсон айтқандай, бір адамдар — арқасында ерімен, ал басқалары — аяқ киімдеріндегі өкше темірлерімен туылмады. Бірақ осылай болса да, біреулер билік құрады, ал басқалары осы билікті мойындайды және оған мүлтіксіз бағынады.

Билік құрылымын зерттеушілер бұл ұғымды анықтауда әр түрлі тәсілдерді қолданып, түрлі көзқарастарды ұстанады. Билік — билік құру объектісін басқарудағы ерекше іс- әрекеттерді жүзеге асыратын субъект. Себебі, биліктің әсері қоғамның барлық құрылымдық элементтерінде бойлай отырып, соларда жүзеге асатындықтан, билік қоғамдық өмірдегі өз көрінісінің көптүрлілігімен сипатталынады. Бұл:

- еріктің, бастаманың, жігердің көрінуі, субъект-субъектілік қатынастардың белсенді элементі;
- мақсатты жасақтау, бағыныштылардың тіршілік әрекеттерінің мәнді аспектілерін бағдарламалау;
- шешімдер қабылдау, оларды жүзеге асыру тетіктерін анықтау;
- жеке мүдделерді түйістіру мен ескеру;
- жалпы мүдделердің жеке мүдделерден басымдығын мойындау және осы басымдықтарды қамтамасыз ету үшін биліктік ықпал ету нормалары мен құралдарын қолдану;
- биліктік ықпал етудің әлеуметтік мәнін мойындаумен байланысты билік субъектісінің ерекше психикалық жағдайы және т.б.

Алайда, мұнда осы тәртіпті қалай, қандай тәсілдермен, құралдармен, акциялармен, өрекеттермен іске асыруға болады, ол адамдарға не береді, оның әлеуметтік ықпалы мен мәні, сондай-ақ билік құрудың саяси мәдениетінің әлеуметтік өмірдің әр түрлі аспектілеріне және тұлғаның өзіне әсері қандай деген сияқты мәселелер ашылмай қалады. Саяси білімдер жүйесінде билік ұғымын анықтаудың төмендегідей әр түрлі тәсілдері бар:

**Телеологиялық**(гр.сөзі teleos — мақсат + logos -түсінік,ілім). Телеологиялық тәсіл кез келген құбылыс, процесс өзінің негізі, қозғалтқыш күші ретінде алдын ала белгіленген мақсатты ұстанатынын мойындауды білдіреді. Сондықтан адамдар қауымдастығына бірқалыпты, реттелген даму мен тұтастықты сақтау мақсат болып табылатындықтан, биліктің қалыптасуы мен қызмет атқаруы осыған келіп шығады-мыс. Мұндай тәсіл биліктің қажеттілігінің қандай да бір анық аспектісін дәйектегенімен, оның қалыптасуы мен қызмет етуінің жолдары туралы нақты сұраққа жауап бере алмайды. Маңызды элементі билік болып табылатын барлық әлеуметтік процесті тек нәтижеге, мақсатқа трелу оның мағынасын және ондағы билік рөлінің мәнін түсінуді тым жұтандатып жібереді. Адамгершілікке жат мағынаға ие "Мақсатқа жетуде кез келген әрекетті қолдануға болады" деген белгілі формула өзінің әдістемелік негізі ретінде билікті түсінудің осындай тәсілін ұстанады.

**Инструменталдық.** Ол билікті түпкілікті әлеуметтік проблемаларды шешетін құрал, аспап ретінде қарастырады. Бұл тәсіл билік құралдарын қолдану қажеттілігін аша отырып, олардың әлеуметтік процестегі мәнін анықтайды. Ол биліктік ықпалдың шынайы актілерін, биліктің ұйымдастыру құрылымдарының сәйкестігін, олардың өкілеттіктерін, түпкілікті әлеуметтік проблемаларды шешу үшін олар қолданатын әдістер мен құралдарды бағалауға, сараптауға мүмкіндік береді. Бірақ инструменталдық тәсілдің негізінде билік әрекетінің тиімділігін анықтау әдістемесін жасау мүмкін болғанымен, оның биліктік іс-әрекеттің -гуманистік аспектілерін толықтай бейнелей алмайтындығын ескеру қажет. Биліктің аса тиімді әлеуметтік құрал

екені сөзсіз. Ол үстемдік етуші әлеуметтік күштердің мүдделерін іске асыруға пайдаланатын сословиелік, таптық, этникалық және басқа да құрал болуы мүмкін. Сондықтан биліктің инструменталдылығы оның әлеуметтік маңызын бар мазмұнымен аша алмайды деп айтуға болады.

**Функционалдық.** Әлеуметтік құбылыстарды, оның ішінде билікті де зерттеудің де бірден-бір іргелі тәсілі, өйткені, тек функцияларда ғана мейлінше толық формада биліктің мәні, әлеуметтік ықпалы мен маңыздылығы, оның іс-әрекетінің өзгешелігі көрініс табады. Билік құру адамдар қауымдастығының тұрақтылығын, олардың мүдделерінің түйісуі мен дамуының мақсаттылығын қамтамасыз ететін маңызды әлеуметтік функция болып табылатындығы сөзсіз. Функционалдық тәсіл билік пен саясаттың ажырамас бірлігінен туындайды. Билік функциялары, ең алдымен саяси тұрғыда болады. Яғни, билік формасының қажеттілігін, билік субъектісінің билік құруға құқығын, билікті жүзеге асыруда белгілі бір ұйымдасқан құрылымдарды, күштерді, құралдарды және әдістерді пайдалану заңдылығы мен қажеттілігін негіздейтін саяси идеология жасақталынады.

**Құрылымдық-функционалдық тәсіл.** Бұл тәсіл адамдар қауымдастығының билеуші және бағынышты болып екі құрылымдық элементке бөлінуімен және олардың бір-біріне функционалдық тәуелділігін анықтаумен байланысты. Осы тәсіл билік пен оған бағынушылардың өзара қарым-қатынасын субъект-субъектілік қатынастар ретінде қарастыру арқылы оларға қойылатын әлеуметтік талаптар жүйесін анықтауға мүмкіндік береді. Функционалдық және құрылымдық-функционалдық тәсілдер билік пен саясаттың жалпы теориясын жасақтау үшін, билік пен саясаттың адамдар қауымдастығындағы орны мен мәнін анықтау үшін құнды. Бірақ билікті қолдану іс-әрекетін, билік құрудың әлеуметтік-саяси тәжірибесін, оның ситуативтік және субъективтік аспектілерін анықтау мен бағалаудың нақты процесін сараптау үшін бұл тәсілдер жеткіліксіз.

**Билікті еріктің, жігердің көрінуі ретінде түсіну.** Бұл тәсілде биліктік ықпал етудің мақсаттылығы мен қарқындылығына ерекше назар аударылады,

әлеуметтік дамудың нақты процесі билік құрушының субъективтік еркінің, жігерінің іске асуының нәтижесі ретінде қарастырылады, және субъект субъектілік қатынастардың объективтік негіздері еленбеуі де мүмкін. Методологиялық тұрғыдан алғанда бұл тәсіл волюнтаризмге, субъективизмге, авантюризмге ұрындырады. Билік қаншалықты күшті әрі агрессивті болғанымен, дүниеде барлығы дерлік билікке бағына бермеуі мүмкін.

**4. Оқытудың техникалық құралдары:** слайдтар, презентациялар

**5. Тақырыптың оқыту әдістері мен түрлері:** проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы

**6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі)**

**1-деңгейдің сұрақтары**

1. Биліктің құрылымын, мақсатын, міндеттерін атаңыз
2. Биліктің телеологиялық тәсілінің мәнін атаңыз
3. Биліктің инструменталдық тәсілінің мәнін ашыңыз

**2-деңгейдің сұрақтары**

1. Құрылымдық-функционалдық және функционалдық тәсілдің айырмашылығын көрсетіңіз
2. Билікті еріктің, жігердің көрінуі ретінде түсіну дегенге анықтамасын беріңіз
3. Биліктің қатынастардың шығу көздерінің атаңыз

**3-деңгейдің сұрақтары**

1. Биліктің шығу тегі мен функциялары және ерекшеліктерін атаңыз.
2. Билік ұғымының шығу тарихы мен анықтамасын беріңіз.

**7. тапсырмалары:** Көшбасшының пайда болуы туралы теорияларын аталдау жасаңыздар

## **2- тақырып. Көшбасшылық және биліктің нарықтық-экономикадағы бірігудің тиімді нысаны ретінде**

**Тақырыптың мақсаты мен міндеттері:** Ұйымдағы басқаруды, көшбасшы және оның түрлерін, билік пен ықпалдықтың формаларын, көз жеткізу және қатысуды магистранттарға таныстыру

**Тақырып мазмұны.** Басшылық пен қолбасшы (лидерлік) жеке адамдар арасындағы басқару аспектісі болып саналады, сол арқылы бағыныштылар кәсіпорынның мақсатын әрі оған жету үшін неғұрлым тиімді және қолайлы ықпал етуді білуі мүмкін.

Басқару қызметі – бұл басқару қызметінің белгілі бір тұтастан мазмұнға ие болған оқшауланған бөлігі, яғни бұл басқару қызметінің мамандандырылған бөлігі.

Басқарудың мамандығын қызметінің біріңғай тұтас синтезделуін және интеграциялауын басшылық деп атайды.

Басшы өзіне негізгі 2 міндеттің жүктелгенін білуі тиіс: адамдармен жұмыс істеу және басқару жүйесін ұйымдастыру. Олар өзара байланысты.

Басшының мақсаты басқалардың өзіне бекітілген жұмысты орындалуына ықпал ету. Басшы еңбегін таңдауға түрткі болатын ықпалдар төменгі кестеде келтірілген. Осы қызметтің орындау үшін оның өзінің формальды өкілеттілігі мен қоса билігі болған қажет.

Билік – бұл басқалардың жүріс-тұрысына ықпал ету мүмкіндігі.

Басшы еңбегін таңдауға түрткі болатын ықпалдар (А. Эрлих бойынша)

Экономикалық ықпалдар. Беделдік формальды отрибуттарына ие болуға тырысатын ықпалдар (жеке жұмыс кабинеті, сәнді мебелдер, телефон, көмекшілер, автомашина, т.б.)

Қоғамдық ықпалдар – мұның мәнісі оның формальды отрибуттарына ғана емес, “қоғамның тануына ие болуына” тырысу. Қоғамға пайда келтіретініне сезіну.



Творчестволық ықпал және ой өрісін дамытуға тырысу – бұл жаңа проблемаларды шешуге жаңаша жұмыс істеуге ұмтылу.

Теріс ықпалдар – жазалаудан талқылаудан сөгістен қауіптену

Ұйымның әр түрлі бөлімшелеріндегі басшы өзінің тікелей бастығына, қол астындағылары мен әріптестеріне тәуелді.

Шындығына келгенде осы топтар басшының маңайына топтасқан адамдардың бір бөлігі. Осы адамдардың жәрдемінсіз басшы өз қызметін ойдағыдай жүзеге асыра алмайды.

Ықпал ету мен билік жүргізу ықпалы ететін жеке адамдарға сондай-ақ нақты жағдайларға және де басшының қабілетіне байланысты. Адамдар басшыға неғұрлым тәуелді болса, оның билігі де соғұрлым көп болады.

Басшының қол астындағылар жалақыны көтеру, жұмыс тапсырмасын алу, қызмет бабында жоғарылау, өкілеттілігін ұлғайту әлеуметтік мұқтажын қанағаттандыру секілді мәселелерде сол басшысына тәуелді болатындықтан, басшының қол астындағыларға толық билігі бар.

Екінші жағынан, қабылданған шешімдердің жүзеге асуы, өндірістік тапсырмалардың дер кезінде орындалуы басшылық қол астындағыларға тікелей байланысты болатындықтан, кейде бұлар да басшыға билік жүргізе алады.

Әдетте бейресми топтарға ұжым мүшелері арасында беделі бар, іске қабілеті бар адамдар көшбасшылық етеді.

Әлеуметтік психологияда шағын топтағы көшбасшылар деп, мақсатқа жету мақсатында топқа, жетекшілік ететін, басқа топ мүшелерімен өзара қарым-қатынас арналатын адам қызметін айтады.

Топ қызметкерлерінде көшбасшы ұғымына сипаттама бергенде мынадай жағдайлар бөліп қарастырылады.

- 1) Көшбасшыны қызмет орнына ресми түрде ешкім ұсынбайды. Ол басшылық позицияны топтың ашық немесе жабық келісімімен атқарады.
- 2) Топ қабылдаған нормалар мен құнды бағдарламалар жүйесі көшбасшының қолдауымен жүзеге асырылады.

3) Топ өміріндегі арнайы, алайда біршама мәнді жағдайларда көшбасшы тиісті рөл атқарады.

Көшбасшының біршама сапалы ерекшеліктері бар:

- Инициативолығы мен белсенділігі басқалардан біршама жоғары.
- Ұйымдастыру қызметінде тәжірбесі мен дағдысы бар
- Топ ісіне мүдделі адамдарға үйір, әрі өзінің мінез-құлқымен үлгі өнеге көрсете білетін топта беделді болуы тиіс.

Көшбасшының 2 түрі бар.

**Инструменттік.** Көшбасшы адамдар тобына-міндет пайда болғанда топ мүшелері осы жұмысты атқара алатын жетекшіні көрсетеді

**Эмоционалдық.** Көшбасшы – бұл маңдай алды жақсы адам.

Бірақ оларды осы 2 ерекшелікке бірдей ие болатын адамдар сирек кездеседі.

Бейресми топта көшбасшы болу мүмкіндігінің айқындаушы факторлары мыналар: жасы, лауазымдық орны, кәсіптік біліктілігі, жұмыс орнының орналасуы, жұмыс айқындауы аймағында еркін әрекет етуі және ықыластығы.

**4. Оқытудың техникалық құралдары:** слайдтар, презентациялар

**5. Тақырыптың оқыту әдістері мен түрлері:** проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы

**6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі)**

**1-деңгейдің сұрақтары**

1. Харизматикалық лидердің сипаттарына таңыз
2. А.Эрлих бойынша биліктің мазмұнын атаңыз
3. Бағыныштыны белсенді байланысқа шақыратыны қпал етудің формасын атаңыз

**2-деңгейдің сұрақтары**

1. Көшбасшы және оның түрлері қалай жіктелетінін көрсетіңіз
2. Билік балансы мен бағыныштылар биліктің айырмашылығын көрсетіңіз
3. Басшы еңбегін таңдауға түрткі болатын ықпалдарды атаңыз

### **3-деңгейдің сұрақтары**

1.Биліктің негізгі формаларымен ерекшеліктерін атаңыз.

2.Билік ықпал ету түрлері мен ерекшеліктерін атаңыз.

**7.тапсырмалары:**Көшбасшылық және биліктің нарықтық-экономикадағы бірігудің тиімді нысаны ретінде тақырыбын аталдау жасаңыздар

### **3- тақырып. Көшбасшылық теориясының дамуы және басшылық етудің стилі**

**Тақырыптың мақсаты мен міндеттері:**Лидерліктің негізгі теорияларын, лидерліктің тәсілдері туралы жалпы тусінігін, басшылықтың автократтық, демократтық және либералдық стилін, Лайкерттің адамға бағытталған басшылықтың төрт стильдерін, Фидлердің жағдайлық басшылық моделін, Митчел мен Хаустың «жол-нысанаң» деп аталған әдісін, Херси мен Бланшардың «өмірлік цикл» теориясын, Врум-Йеттонның басшымен шешімдер қабылдау моделін магистранттарға таныстыру

**Тақырып мазмұны.**Лидерлік-топ ішінде ғана болатын феномен топтың бірігуінің, топтың мақсаттарға жетуінің маңызды факторы. Бұл шағын әлеуметтік топты ұйымдастыру және басқару проіесі. Топты басқарудағы кемшіліктер болуынан болуынан да туындайды. Ұжымда лидер мен басшы-бір адам. Лидер топ үшін маңызды жағдайда топтың ұйымдастырылуын, мақсатына жетуін қамтамасыз ететін, ресми емес басшының орнына кездейсоқ келетін топ мүшесі:

1) Лидерді ешкім сайламайды;

2)Лидерді, ол ресми емес басшы болғандықтан, топтың нормалары және құндылықтарымен теңестіреді.

3) Лидер топ үшін маңызды жағдайда өзін танытады.

Лидерлік-объективті (нақты жағдайдағы топтың қажет, мақсаттары) және субъективті (топтық әрекетті ұйымдастырушының жеке-дара ерекшеліктері) факторлардың қатарынан әсер ету нәтижесі.

Лидер болу үшін адамның жеке дара ерекшеліктері: инициативтілік, белсенділік, ұйымдастыру қабілеті, топтық мақсаттарға жетуге ұмтылысы, топтың қал-жағдайы туралы хабардар болу, тіл табыса алушылық, тартымдылық, беделділік.

Лидерліктің динамикасы-лидерлік типтері мен аймағының өзгеруі. Микроортада (шағын топта) лидерлік тұрақсыз. Лидер ауысып отырады. Себебі, оның топтың нормаларына сай келмеуі-тым авторитарлы болуы және топтың міндеттерін шешалмауы.

### **Лидердің пайда болуы туралы теориялар:**

1) теория черт-харизматикалық ұлы адамдар теориясы (19 ғ. соңы-20ғ. басы). Харизма-құт бірақ қасиеттері көп. Лидер-белгілі туа біткен қасиеттері бар адам;

2) ситуациялық даму теориясы. Лидер жағдайға байланысты. әр жағдайларда осы жағдайларға тиімді қасиеттері бар адам лидер боп орын алады. әр жағдайдың өзінің лидері бар;

3) лидерліктің синтездік теориялары. Лидерлік-топтағы тұлғааралық қатынас орнату процесі. Лидер-осы процесті басқаратын субъект. Лидерлікті зерттеу үшін, топ мақсаты мен міндеттерін және лидердің жеке ерекшеліктерін білу, топтың өмір сүру ұзақтығын да ескеру керек. Лидердің топтың басқа мүшелерімен салыстырғандағы айырмашылық-оның белгілі ерекшеліктерінің бар болуында емес, оның күшті әсер ету қабілетінде.

Лидерлік стильдері: Лидерлік стильді анықтауға байланысты алғашқы экспериментті жүргізген К. Левин (11-12 жастағы ұлдарды 3 топқа бөліп, олар үлкендердің басқаруымен маска жасады. Үлкендер-арасында шиеленіс

пайда болса, мақсатты бір бөлімшеге ғана емес, барлық бөлімшелер алдына қоя білу керек.

- марапаттау жүйелерінің қолданылуы әдісі. Адамдардың қылықтарына, іс-әрекеттеріне марапаттау әдістері арқылы әсер ету қайшылықтарды басқару әдісі ретінде қарастырылады. Марапаттау жалпы ұйымдық мақсатқа жетуге, оның ішінде адамдар өздерін қалай ұстауларына, әрекет жасауына бағыт беріп отырады. Лидерлік проблемасы жүз жылдан бері көптеген ғалымдармен қарастырылып келеді. Бұл шынымен де тәртіп аралық болды, бірақ психологтарға маңыздысы болып ол сандық қарым – қатынасы (теория саны бойынша эксперименттері, жариялауы, зерттеу орталықтары) және проблеманы құруы жатады. Зерттеушілердің қызығушылығы заңды, яғни адам қоғамында әр түрлі топтар бар, міндетті атрибуты болып дамудың белгілі бір деңгейінде лидерлікке жылжуы болып табылады. Лидерлікті оқыту тарихында көптеген бағыттар (70 жылдан бастап 20 ғасырға дейінгі) біз бәсекелестік деп атаған басымдық моделі құрылды. 19 ғасырда "батырлық" бағыты «теория белгісі», ситуациялық және синтетикалық бағыттар, лидерлік тиімділігінің фидлерлік шынайы модельді және Хаузаның мақсаттық теориясы, оғайлық университетінің транзактті бағыты және тағы басқа. Тек 20 ғасырдың соңғы жылдарында гуманистикалық бағыттың теориясы пайда болды (трансформациялық бағыт, харизматикалық бағыт, лидерлік, супер – лидерлік және тағы басқа). Олар ұжымдық деп аталған лидерлік модель құрыла бастады.(отандық психологтар лидерлікті дәл осы ұстаныммен қарастырады)

**4.Оқытудың техникалық құралдары:** слайдтар, презентациялар

**5.Тақырыптың оқыту әдістері мен түрлері:** проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы

**6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі)**

**1-деңгейдің сұрақтары**

1.Басшылықтың демократтық,автократтық және либералдық стилі көрсетіңіз

2. Лайкерттің адамға бағытталған басшылықтың стильдерін атаңыз

3. Көшбасшылықтың тәсілдерінің мәнін атаңыз

### **2-деңгейдің сұрақтары**

1. Лидерліктің негізгі теориялары қалай жіктелетінін көрсетіңіз

2. Лидерліктің тәсілдерін көрсетіңіз

3. Фидлердің жағдайлық басшылық моделін атаңыз

### **3-деңгейдің сұрақтары**

1. Митчел мен Хаустың «жол-нысанаң» деп аталған әдісінің ерекшеліктерін атаңыз.

2. Врум-Йеттонның басшымен шешімдер қабылдау моделіне анықтамасын беріңіз.

**7. тапсырмалары:** Көшбасшылық теориясының дамуы және басшылық студия стиліне талдау жасаңыздар

## **4- тақырып. Басшылық және көшбасшылық әлеуметтік феномен ретінде**

**Тақырыптың мақсаты мен міндеттері:** Басқару іс -әрекетінің негізгі функциялары мен басшының кәсіби маңызды сапаларын анықтау жолдарын, басқарудың индивидуалды стилінің психологиясы мен басшының іскерлік карьерасы: жоспарлау және жүзеге асыруымен магистранттарды таныстыру.

**Тақырып мазмұны.** Басқарушылық процесті бес кезеңге бөлу дәстүрге айналған. Олар: жоспарлау, ұйымдастыру, адамдарға басшылық жасау, мотивация және бақылау.

Осы кезеңдерге сәйкес басшы қызметінің негізгі функцияларын анықтауға болады:

- стратегиялық;
- әкімшіліктік;
- коммуникативті-реттеуші;
- мотивациялық;

- бақылаушылық.

Жалпы басшы функциялары аталғандардан да көп. Біз басшының психологиялық жағын қарастыратын болғандықтан, ірі психологиялық мәселелерді тудыратын негізгілеріне тоқталамыз.

**Стратегиялық функция.** Стратегиялық жоспарлау және мақсаттарды, құндылықтарды қалыптастыру ұжым басшысының негізгі функциясы болып саналады.

Тәжірибелі, құзыретті, көзқарасы кең, стратегиялық ойлау дағдыларына ие басшы психологиялық контекстегі үш мәселеге жолығады:

- а) шешім қабылдау мәселесі (бір жақты-ұжымдық);
- б) уақыттың тапшылығы мәселесі;
- в) инновациялық белсенділік мәселесі.

Қандай шешім қабылдаған дұрыс – ұжымдық немесе бір жақты? 2,5 мың жыл бұрын философ Гераклит «егер ең жақсы болса, мен үшін біреу мыңға татиды»- деп жазған.

Шешім қабылдауда қолданылатын жалпы принциптер:

- ұжымдық шешімдер индивидуалдыға қарағанда үмітті;
- топтағы шешімдер әр түрлі және сапасы жақсы;
- топтық шешімдер мәселені талқылауға барлығының қатысуына мүмкіндік жасайды, бірлескендік атмосферасын нығайтады, жақсы жұмыстық байланыс орнатып, қабылданған шешімге қарсылықты төмендетеді;
- топтық шешімдер қабылданған шешімнің жүзеге асуындағы нәтижелерді толық ойластыруға мүмкіндік жасайды.

### **Әкімшілік функциясы**

Басшы міндетіне тек стратегиялық жоспар емес, сонымен бірге қоластындағылармен басшының директивті қарым-қатынас тәсілін көрсететін әкімшілік функциялар да енеді. Ерекше орынды әртүрлі жазалау және мадақтаулар алады. XX ғасырдың екінші жартысындағы психологтердің көбі мадақтаудың адамдарды басқарудағы тиімділігінің

басым екендігін көрсетеді. Адамның бірлескен іс-әрекеті олардың арасындағы байланысты және қажетті ақпараттарды алмасуды көрсетеді. Осының негізінде ғана, ұжымға біріккен адамдар өз мақсаттарына жете алады. Кез келген ұжым оның ішінде кіші топ деңгейі, міндетті түрде, мүшелері арасында ақпараттық алмасуды қамтамасыз ететін, сәйкес коммуникация жүйесіне ие. Басшылықтың субъект және объект өзара әрекеттестігінің тиімділігі олардың бірін-бірі адекватты қаншалықты түсінетіндігіне байланысты болады.

### **Мотивациялық функция**

Кез-келген басшының негізгі міндеті қоластындағыларды мотивациялау болып табылады.

Мотивация белсенділік бастауы ретінде және кез-келген іс-әрекеттің түрткілер жүйесі ретінде түсініле отырып, әртүрлі аспектілерде зерттеледі. Осыған байланысты оны әр автор түрліше түсіндіреді. Түрткіні түсіндіру бұл түсінікті не қажеттілікпен (Ж.Нютенн, А. Маслоу), не осы қажеттілікті бастан кешіру және оның қанағаттануымен (С.Л. Рубинштейн) не қажеттілік затымен теңестіріледі.

### **Бақылау функциясы**

Басшының бұл функциясын жүзеге асыруы екі қарапайым қарама-қайшылықта болады:

Бақылаусыздық - зиянды, бірақ бақылауда болғанды ешкім ұнатпайды. Келесі талаптарды сақтаған кезде бұл қарама-қайшылықты айналып өтуге болады:

1. бақылау үнемі, объективті, оперативті, ашық болуы керек;
2. бақылау тотальді, жүйесіз, формальды, орындаушылық нәтижелікке жетпеген болмауы керек.

Бақылау жаза алу акциясы емес, жұмысшыға деген көңіл бөлушілік, егер сізді ешкім бақыламаса, онда сіз ешкімді қызықтырмайсыз. Ал қызметшілер басшылық жақтан болатын көңіл бөлушілікті жоғары бағалайды.

**4.Оқытудың техникалық құралдары:** слайдтар, презентациялар



**5.Тақырыптың оқыту әдістері мен түрлері:** проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы

**6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі)**

**1-деңгейдің сұрақтары**

- 1.Коммуникативті-реттеуші мен мотивациялық функцияларды атаңыз
- 2.Басшының кәсіби маңызды сапаларын анықтау жолдарынкөрсетіңіз
- 3.Жұмысқа қанағаттанбаушылыққа әсер ететін факторларды атаңыз

**2-деңгейдің сұрақтары**

- 1.Басқару іс-әрекетінің негізгі функциялары атаңыз
- 2.Жоғары буындағы менеджерлерге тән сапа жиынтығынкөрсетіңіз
- 3.Басқару стилінің аналитикалық типтерін атаңыз

**3-деңгейдің сұрақтары**

- 1.Басқарудың индивидуалды стилінің психологиясы түрлері мен ерекшеліктерін атаңыз.
- 2.Басшының іскерлік карьерасы: жоспарлау және жүзеге асыруғаанықтамасын беріңіз.

**7. тапсырмалары:**Көшбасшының психологиялық портретін, теорияларын жіктеңіздер

**5- тақырып. Адам қызметін басқару және топты басқару**

**Тақырыптың мақсаты мен міндеттері:** Адамды басқару және топты басқаруды, формалды(ресми) және формалды емес (бейресми) топтарды, топтың жұмысының тиімділігіне әсер ететін факторларды магистранттарға таныстыру

**Тақырып мазмұны.** Менеджменттің негізгі элементі адамдық факторлар болып табылады. Өйткені менеджменттің болуы үшін екі және одан адамның бір ортаға келіп белгілі бір мақсатқа бағытталуы және олардың бір басшыға бағынышты болуы іс-әрекетінің жүзеге асу керектігін баста айтқан

болатынбыз. Өндірістің барлық жүйесінде, барлық буындарында басқаруды кадрлар жүзеге асырады. Кадр жұмысы дегеніміз, кадр саясатының мақсаты мен принциптерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеудің формалары, тәсілдері, бағыттары мен шарттары. Кадрлармен жұмыс істеу жүйесіне кадрларды даярлау, орналастыру, олардың еңбектерінен пайдалану, мамандығын жетілдіру, орын ауыстыруын жоспарлау және резерв құру, аттестациялау, өнімді және тиімді түрде жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін мүмкіндіктер туғызу т.б. жатады.

Өндірісті басқару кадрлармен жұмыс жүйесі бірнеше негізгі элементтерден тұрады. Біріншіден: басқару көлемі мен сипатына қарай жалпы қызметшілер саны, олардың кәсіптік және лауазымдық құрамы анықталады. Екіншіден: Қызметкерлердің жекелеген категорияларының жауап беруге тиісті талаптарын, яғни нені білу, нені істей алуын және сол лауазымдағы қызметкерлер қандай істі меңгере алатындығын айқындау қажет. Үшіншіден: Басқару жүйесіндегі кадрларды іріктеу, орналастыру және орын ауыстыруын ұйымдастыру жұмыстары жүргізіледі. Кадрларды дұрыс іріктеу "әрбір адам-нақты бір орынға, әрбір орын-нақты бір адамға" принципіне негізделуі керек. Егер адам өзінің қолынан келетін, өзінің икемділігіне, қабілетіне, жалпы және арнайы даярлық деңгейіне сай келетін жұмысты атқарса, оның қайтарымы соғырлым жоғары болады.

Жалпы ұйымдағы адамдардың ерекшелігін, сапасын, қабілетін, еңбегінің көрсеткіштерін, адамдық қасиеттерін, т.б. жағдайларды, яғни менеджмент сферасында адаммен байланысты білуіміз қажет болып табылатын құндылықтарды төмендегіше көрсетуге болады:

Ұйымдағы адам (тұлға);

- Жеке тұлға
- Адамдық капитал
- Адамдардың ұйымдағы іс-әрекеттері

Ұйымдағы коллектив;

- Ұйымдағы топ

- Ұйымдағы коллектив
- Ұйымдағы команда

Басқарушы мен бағыныштылар;

- Басқарушының функциялары
- Басқарушының құқықтары мен міндеттері
- Басқарушылардың сапасы
- Басқарудың үлгілері
- Бағыныштылар

Лидер

- Лидерді топтарға бөлу

Адамның сапасы төменгі жағдайларға байланысты болып келеді;

1)Адамның ерекшеліктеріне байланысты (физиологиялық жағдайы, эмоциясы, интеллекті, көзқарасы, қызығушылығы)

2)Адамның ортадағы жағдайына байланысты (статусы, әлеуметтік ролі, құқығы, міндеті, жауапкершілігі, ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі, болашақтан үміттенуі т.б.)

3)Басшылармен, бағыныштылармен, әріптестермен және клиенттермен болған ресми немесе бейресми байланыстары

4)Жыныстарына байланысты (ер немесе әйел)

5)Психологиялық жағдайына байланысты

Адам сапасының негізі оның ұстанған бағытына (бағытталуы), қабілетіне, психологиялық қабілеті, темпераментіне және характеріне сүйенеді (байланысты).

**4.Оқытудың техникалық құралдары:** слайдтар, презентациялар

**5.Тақырыптың оқыту әдістері мен түрлері:** проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы

**6.Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі)**

**1-деңгейдің сұрақтары**

1.Адамдардың ұйымдағы іс-әрекеттерінің типтерін атаңыз

2. Өндірісті басқару кадрлармен жұмыс жүйесінің элементтерін атаңыз
3. Топтың жұмысының тиімділігіне әсер ететін факторларды атаңыз

### **2-деңгейдің сұрақтары**

1. Ұйымдағы топ қалай жіктелетінін көрсетіңіз
2. Коллективтің классификациясын көрсетіңіз
3. Басқарушының қызметтерін атаңыз

### **3-деңгейдің сұрақтары**

1. Адам сапасының негізі элементтері мен ерекшеліктерін атаңыз.
2. Формалды және формалды емес топтардың айырмашылықтарына анықтама беріңіз.

**7. тапсырмалары:** М.Вебердің «заңды үстемдігі» заңның үстемдігін емес, мемлекеттің, биліктің үстемдігін заңды етуге саясатына талдау жасаңыздар

## **6 тақырып. Саяси көшбасшылық және оның типтері**

**Тақырыптың мақсаты мен міндеттері:** Саяси лидерлік және оның типтері, қасиеттері, қызметтері, белгісі мен сапасын, лидердің психологиялық портреті, теорияларын, Қазақстандағы лидерлікті магистранттарға таныстыру

**Тақырып мазмұны.** Бүгінгі күнде лидерлік мәселесі барлық ғылымдарда толыққанды зерттелуде. Мәселен, психология лидердің тұлғалық ерекшеліктерін зерттейді. Әлеуметтану лидерлікті әлеуметтік жүйенің негізінде қарастырады. Әлеуметтік психология лидерлікті әлеуметтік және психологиялық факторлардың өзара қызметтік процесі ретінде зерттейді. Ал саясаттану саяси лидерлікті билік феномені ретінде қарастыра келе, оның табиғатын, қызмет ету механизмдерін, қоғамға ықпалын зерттейді. Сонымен бірге, тиімді басқарудың әдістері мен тәжірибелік ұсыныстары айқындала түседі.

Ғалымдардың пікірлерінше, өз бойында туа біткен қасиеттерді ұштастыратын адам ғана қайырымды халықтың басшысы бола алады: «бұл

адамның мүшелері мүлдем мінсіз болуы тиіс, бұл мүшелердің күші өздері атқаруға тиісті қызметті аяқтап шығу үшін мейлінше жақсы бейімделген болуы керек; жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінетін, айтылған сөзді сөйлеушісіне ойындағысын және істің жай-жағдайына сәйкес ұғып алатын болуы керек; өзі түсінген, көрген, есіткен және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұларды ешнәрсені ұмытпайтын болуы керек; әйтеуір, бір заттың кішкене ғана белгісін байқаған заматта сол белгінің ишаратын іліп әкетерліктей алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі болу шарт; өткір сөз иесі және ойына түйгеннің бәрін айдан-анық айтып бере алатын тілмар болу шарт; өнер-білімге құштар болу, оқып үйренуден шаршап шалдықпай, осыған жұмсалатын еңбектен қиналып азаптанбай, бұған оңай жететін болу керек; тағамның, ішімдік ішуге, сұқ-сұбқат құруға келгенде қанағатшыл болу керек.

Жалпы лидерлік саяси салада саяси басқару негізінде түсініледі. Қайырымды халықтың басшысы болу үшін тек лидерлік қасиет қана емес, мемлекет те көшбасшылық қасиет танытуы тиіс. Мемлекет, ұлттың лидерлігі қазіргі теорияда жеке қарастыратын нысан болып табылмайды. Осы түсінікке сипаттама беруде лидерлікті ұстап қалу және иеленудегі заңдылықтарды айқындаймыз. Ал жалпы мемлекет лидерлігін зерттеуде әлемдік ұйымдастырушылық-қызмет құрылымын, оның тенденцияларын, әлемдік қауымдастықтың тұрақты дамуына қатер туғызатын жағдайларын қарастырамыз.

Саяси қызметтің ажырамас компоненті саяси лидер болып табылады, себебі кезкелген саяси белсенді топ өздерінің ортасынан басшылар тобын алға шығарады.

Саяси лидерліктің табиғаты барынша күрделі және оның түптамдыры ғалым-ойшылдардың консульдар, императорлар, корольдер феноменін зерттеп білген алыс өткенде жатыр. Лидерлік феномені саяси психологиядағы ерекше проблема. Оның ертеректегі теориясы «геройлар» теориясы деп аталады. Оның басқа да теориялары бар. Лидерліктің саяси

психологиялық типологиясын жасағандар мыналар: психопотологиялық типологияны Г. Лассуэль, саяси типтерін Д. Рисман, макиавеллилық теориясы, Президенттер типологиясы Д. Барбер және т.б. жасаған. Лидерлік феномені саяси психологиядағы ерекшелігі бар мәселе.

«Саяси лидер» категориясы саясат саласындағы адамдардың белгілі бір бірлестігіне басшылық ету бойынша қызмет процесін білдіреді. Лидерлік – ең алдымен қоғам мүшелері арасындағы қатынас, себебі лидер әрқашанда қандай да бір әлеуметтік топтың немесе қауымдастықтың бір бөлігі болып табылады. Бұндай жағдайда лидер белгілі бір қауымдастықтың мүддесі мен мақсатын тұжырымдау және білдіру құқы мен жауапкершілігінің белгілі бір көлеміне ие болады, оларды жүзеге асыру және барлық қауымдастықтың саяси процеске қатысуын ұйымдастыруда бастамашы болуға құқы бар.

Саясатта қызметінің сипаты мен ауқымы бойынша лидерлердің үш деңгейін ажыратады:

1. мүдделері ортақ қоғамда барынша көп билікке ие шағын топтың лидері;
2. қоғамдық қозғалыстың (ұйымның, партияның) лидері, яғни белгілі бір әлеуметтік топ өзінің қажетсінуін қанағаттандыру мүмкіндігін байланыстыратын адам;
3. лидер – биліктік қатынастар жүйесінде әрекет етуші саясаткер.

«Бірден қол жеткізген» билік лидерлік болып саналмайды. Лидерлік жай ғана кездейсоқ билікті пайдалану емес, жалғасын табуды білдіреді. Лидерліктің қоршаған ортадан шет қалуы мүмкін емес. Лидерлік дегеніміз – талдау жасау мен шешім қабылдауға қарағанда әрдайым үлкен нәрсе, ол өзінің соңынан жүретін адамдардың ақылы мен күш-қуатына әсер етуді қамтиды.

Саяси лидерлік – өзінің тағдырын жақсарту үшін іс-әрекетке, бірлескен жұмысқа қоғам мүшелерін итермелейтін күш.

**4. Оқытудың техникалық құралдары:** слайдтар, презентациялар

**5. Тақырыптың оқыту әдістері мен түрлері:** проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы

## **6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі)**

### **1-деңгейдің сұрақтары**

1. Көшбасшыға тән қасиеттерді атаңыз
2. Лидердің негізгі қызметтерін атаңыз
3. Лидердің белгісі мен сапасын суреттеңіз

### **2-деңгейдің сұрақтары**

1. Саясатта қызметінің сипаты мен ауқымы бойынша лидердің деңгейлерін көрсетіңіз
2. Лидердің психологиялық портретінің мәнін ашып көрсетіңіз
3. Қазақстан жағдайында саяси лидерліктің даму деңгейін атаңыз

### **3-деңгейдің сұрақтары**

1. М.Вебер бойынша лидерліктің типтері мен ерекшеліктерін атаңыз.
2. «Саяси лидерлік» ұғымының шығу тарихы мен анықтамасын беріңіз.

**7. тапсырмалары:** Саяси көшбасшылық және оның типтеріне талдау жасаңыздар

## **7- тақырып. Саяси билік**

**Тақырыптың мақсаты мен міндеттері:** Саяси биліктің түрлерін, саяси биліктің маңызды функцияларын, саяси биліктің партияларын, мемлекеттің жүйелерін магистранттарға таныстыру

**Тақырып мазмұны.** Қоғам өзінің саяси жүйесінде әлеуметтік міндеттерді билік арқылы, құқықтық заң-жобалар, нанымдар және басқа шартты қалыптасқан дәстүрлер арқылы жүргізіп отырады. Бұл ретте саяси жүйенің өз ішінде саяси рөлдердің өз бөлініп отырады. Мемлекет саяси билікті жүргізудегі ең негізгі буын болып табылады. Мемлекет мынандай сипаттармен айқындалады:

1) Бұқаралық билікті жүзеге асыратын адамдардың ұйымы, ол үшін нормалық-құқықтық және ақпараттық-идеологиялық жағдайларды қалыптастырып отырады.

2) Елдің барлық территориясын қамтитын жағдайда салықтарды алып отыратын ұйым. Мемлекет саяси билікті жүргізетін құрылым екендігі белгілі. Әр түрлі қоғамда мемлекеттің билігі де өзгеріп отырады, қызметінің түрлері де көбейіп отырады. Соңғы уақытта мемлекет үстем таптардың мүддесіне орай езілуші таптардың мүддесіне орай езілуші таптардың қарсылығын басып отыратын аппарат деп келеді. Бұл дұрыс та. Тек бұл қырынан келіп қарау маркстік теорияны жете бағаламаумен бірдей. «Анти-Дюринг», «Л.Фейербах және неміс классикалық философиясының акыры», «Семьяның, жекеменшіктің және мемлекеттің шығуы» деген еңбектерді талдай келіп, біз мынандай қорытындыларға келеміз:

1) Мемлекет адамзат қауымының немесе азаматтық қоғамның дамуына және еңбек бөлісіне қарай дамып жетілді.

2) Бұл процесс өз мүдделеріне сәйкес жаңа әлеуметтік топтардың шығуына әкелді.

3) Бұл бөлінудің өзі ортақ мүдделерді жүзеге асыру үшін қажетті функцияларды талап етеді.

4) Қарама-қайшы топтар арасындағы шиеленісті туғызып, олардың кейбіреуін басу қажеттігі туады.

5) Ортақ мүдделер мен функцияларды атқару қажеттігі шығады.

Жалпы теория мен практикада биліктің функцияларын: заң шығарушы, соттық және атқарушы деп бөледі. Мемлекет басшысының функциясы тағы бар. Билікті жүзеге асыратын подфункциялар да бар. Америкалық саясаттанушы Л.Уайт мемлекеттік басқару органдарын үш топқа бөледі:

1) штабтар - өзі орындай алатын шешімдерді қабылдайтындар;

2) жедел қызметтер – штабтардың шешімдерін жүзеге асырушылар;



3) көмекші қызметтер – штабтар мен жедел қызметтердің қажеттегідей жұмысына жағдай туғызатындарды атайды.

Барлық мемлекеттік ұйымдар екі түрге бөлінеді: үкіметтің мемлекеттік органдары – жалпы мемлекеттік шешімдер қабылдайды; мемлекеттік басқару органдарының аппараты, олар мемлекеттік ұйымдар, мемлекеттік басқару, мемлекеттік аппарат деп аталады. Мемлекеттік ұйымдардың барлығын орталық және жергілікті деп екіге бөледі.

Бір сөзбен айтқанда, басқарушы, егеменді мемлекеттік органдар - саяси билік болып табылады. Ең бастысы «билікті бөлу» болып табылады. Социалистік мемлекетте билікті бөлісу жоқ, тек әртүрлі компетенциясы бар деген ұғым қалыптасқан. Ал компетенцияның өзі билікті бөлісу емес пе, марксизм-ленинизм классиктерінің өзі оны мойындайды. Қазіргі билікті бөлу мәселесінде Монтескьенің идеясы жатыр: заң шығару, орындаушы, сот билігі, оларға қоса мемлекет басшысының билігі бар. Билікті бөлу тұрғысынан саяси биліктің жұмыс істеуі: аралас билікте, билікті бөлісуде, биліктердің ынтымақтасып жұмыс істеу жағдайларында мүмкін болады. Аралас билікте мемлекет басшысы заң шығару, орындау, сот биліктерін аралас жүргізе алады.

Мемлекеттік жүйелердің бірнеше типі бар: құлиеленуші, феодалдық, буржуазиялық, пролетарлық мемлекеттер. Жоғарғы биліктің субъектісі бойынша мемлекеттер: автократиялық, олигархиялық, демократиялық болады да, биліктің және оның органдарының құрылымы жағынан: монархиялық, республикалық болып бөлінеді.

Олигархия - мемлекетті басқару тетігінің азғана топ адамның қолына көшуі. Оның мәні: өздерінше тіл табысқан, түсініскен, мақсат-мүддесі ортақ бір топ адамның ашықтан-ашық немесе құпия әрі астыртын айламен мемлекеттік аппаратты, негізгі өндіріс құралдарды, банкілерді, қаржылық және әскери-жазалаушы күштерді қолына алу арқылы үстемдігін орнатуы.

Охлократия - қара тобыр халықтың билігі. Саяси режимнің қолға сирек түсетін ерекше түрі – мұндай жағдайда мемлекеттік аппаратты басқару

нормалық-құқықтық, моральдық құндылықтар мен дәстүрлер тәжірибесінде сыналған қатал негізде емес, саяси демагогтардың ықпалымен шапшаң өзгеріп отыратын қара тобырдың көңіл-күйі негізінде жүріп отырады.

Биліктің халық тобырының қолына өтуі қоғам мен мемлекеттің дамуының аласапыран, өтпелі кезеңінде мүмкін болады, яғни дәстүрлі биліктің нағыз дағдарысы кезінде қоғамның мұндай жағдайы барлық кезде тиянақсыз болады, елдің халқының басым көпшілігінің тез арада-ақ наразылығын қоздырады. Және ол басқарудың, не демократиялық немесе авторитарлық түріне ұласып кетеді. Мұндай жағдай тарихта көп кездеседі.

Плутократия – байлыққа кенелген алпауыттардың биілігі. Біріншіден, саяси құрылыстың биілігі қоғамның ең бай, ықпалды тобының қолында болуы. Екіншіден, биліктің үстем таптың ең ауқатты тобының жүргізуі. Аристотель мемлекеттің аталған үш түрін де қолайсыз мемлекеттер деп атаған.

Сонымен қатар қызмет жасауы (функционирование) жағынан субординациялық-әкімшілік және өкілділік-демократиялық болады, биліктің әрекет жасау сипаты жағынан: деспотиялық, диктаторлық, либералдық, бюрократиялық болып келеді, ал ұлттық-территориялық құрылымы жағынан: унитарлық, федералдық, конфедералдық болып та бөлінеді.

**4.Оқытудың техникалық құралдары:** слайдтар, презентациялар

**5.Тақырыптың оқыту әдістері мен түрлері:** проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы

**6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі)**

**1-деңгейдің сұрақтары**

1.Саяси биліктің түрлерін атаңыз

2.Атқарушы биліктің функциялары атаңыз

3.Жеделік (оперативтік) функциялардың маңыздылығын суреттеңіз

**2-деңгейдің сұрақтары**

1.Саяси биліктің партиялары қалай жіктелетінін көрсетіңіз

2.Мемлекеттік жүйелердің типтерін көрсетіңіз

3.Олигархия мен охлократияның айырмашылығын атаңыз

### **3-деңгейдің сұрақтары**

1.Саяси биліктің маңызды функциялары мен ерекшеліктерін атаңыз.

2.Құлиеленуші, феодалдық, буржуазиялық, пролетарлық типтердің шығу тарихы мен анықтамасын беріңіз.

**7. тапсырмалары:**Саяси биліктің функционалдық тағайындауы және маңызы тақырыбы бойынша талдау жасаңыздар

### **8- тақырып. Мемлекеттік билік пен мемлекеттік басқару қарым-қатынасы мен өзара әрекеттесу механизмі**

**Тақырыптың мақсаты мен міндеттері:**Мемлекеттік билік түсінігін, мемлекеттік билік пен мемлекеттік басқарудың өзара байланысын, мемлекеттік биліктің негізгі белгілерін, ҚР-ның мемлекеттік билік жүйесінің біртұтастығын магистранттарға таныстыру

**Тақырып мазмұны.**Мемлекеттік билік - тікелей мемлекеттің өзі жүргізетін немесе өзінің атынан жүргізуге өкілеттілік беріп, өз жәрдемімен өзге бір ұйым, мекеме арқылы жүргізетін қоғамдық биліктің бір түрі, мемлекеттік басқару органдарының жиынтығы. Мемлекеттік билік өз қырын өзгелерге тану үшін мәжбүрлеу күштеріне арқа сүйейді. Мәжбүрлеу жоқ жерде Мемлекеттік билік те жоқ, мәжбүрлеу тек тарихи жағдайға және билік болмысына қарай басқа мазмұнда, әр түрлі нысанда көрініс береді. Сондай-ақ, Мемлекеттік билік қатынастары ырық жүргізу сипатында болады және өз құрылысына орай үстемдік пен бағыныштылық әрі жетекшілік пен мойынұсынушылықтан құрылады. Ол қызметіне қарай:

- заң шығарушы;
- атқарушы;
- сот билігі

болып бөлінеді.

Билік объектісі мен субъектісінің қарым- қатынасына қарай

- авторитарлық;
- тоталитарлық;
- демократиялық

болып бөлінеді.

Басқа қоғамдық билік түрлерінен ажыратуға негіз болатын Мемлекеттік биліктің белгілері мыналар:

- пәрменінің бүкіл қоғамға жүруі,
- жария-саяси сипатта жүруі,

мемлекеттік мәжбүрлеуге сүйенуі және арнайы адамдар - мемлекеттік қызметкерлер арқылы жүзеге асырылуы.

Мемлекеттік басқару дегеніміз — Негізгі Заңда баянды етілген міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік басқару органдарының атқарушылық қызметі. Басқару органдарының қызметі тұтастай халық еркі бейнеленген заңдарды орындау үшін мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға бағытталады.

Осы міндеттер мен қызмет сипатынан Конституцияда баянды етілген мемлекеттік басқарудың негізгі принциптері туындайды. Оларға басқаруға жұртшылықтың қатысуы, ұлттар-дың тең құқықтығы, заңдылық жатады.

Жұртшылықтың басқаруға қатысуы принципінің мәні мы-нада: мемлекеттік басқару қызметі басқаруға қоғамның, жеке азаматтардың кеңінен қатысуы арқылы жүзеге асырылады. Негізгі Заң халықтың мемлекеттік басқаруға кеңінен қатысуының жаңа, одан да мол мүмкіндіктерін ашып берді. Онда мемлекеттік және қоғамдық істерге қатысуға тек қана кәсіподақтарға, еңбек ұжымдарына ғана емес, жекелеген азаматтарға да кепілдіктер берілген. Мәселен, 33-бапта "Қазақстан

Республикасы азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға құқығы бар" деп көрсетілген.

Мемлекеттік басқару органдарына биліктік өкілеттіктер заңды түрде берілген және олар белгілі бір құзыретке ие. Мемлекеттік басқару органдары қызметінің ауқымына, құзыреттік сипатына, құрылу тәртібіне және қарауына жататын мәселе-лерді шешу тәртібіне, қаржыландыру көзіне байланысты түрлерге бөлінеді.

Қызмет аумағы бойынша мемлекеттік басқару органдары былай бөлінеді: жоғары органдар (олардың қызметі бүкіл рес-публика аумағында жүреді). Мұндай органға Қазақстан Республикасының Үкіметі жатады; орталық органдар (бұлардың да қызмет аясы республиканың бүкіл аумағына, бірақ нақты министрліктер—Экономика және бюджеттік жоспарлау, Ауыл шаруашылығы, Көлік және коммуникациялар, Әділет министрліктері шеңберінде ғана тарайды); агенттіктер (мысалы, спорт жөніндегі агенттік және т.б.) мемлекеттік комитеттер (мемлекеттік мүлік жөніндегі және т.б.); комитеттер (ұлттық қауіпсіздік, кеден және т. б.); жергілікті басқару органдары, олардың қызметі белгілі бір әкімшілік-аумақтық құрылым — облыс, аудан, қала, ауыл (село) шегінде ғана жүзеге асады.

Құзыретінің сипаты бойынша мемлекеттік басқару органдары жалпы, яғни қызметі өздерінің құзыретіне жататын барлық мәселелер бойынша бағыныштылардың бәріне тарайтын (Үкімет), салалық — нақты салалар бойынша басқарылатын (министрліктер) және арнайы, қызметі арнайы мәселелермен, функциялармен немесе мазмұнымен қатаң шектеліп, нақтыланған (агенттіктер, мемлекеттік комитеттер; жалпы алғанда — ведомстволар) органдар болып бөлінеді.

Мемлекеттік басқару органдарының құрылуы бір жағынан мемлекеттік билік органдары (өкімет) арқылы жүзеге асады; мәселен, Парламент Президенттің Республика Премьер-Министрін, Республика Ұлттық Банкінің Төрағасын тағайындауына келісім береді; екінші жағынан басқару органдарының өздерімен жүзеге асады.

Мемлекеттік басқару органдарының қаржыландыру көздері мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын (Үкімет, министрліктер) және басқару аппараты өздеріне қарасты құрылымдық бөлімшелері табыстары есебінен қаржыландырылатын қазыналық кәсіпорындар т.б. болып бөлінеді. Мемлекеттік басқарудың сан-салалы органдарына жетекшілік жасауды қамтамасыз ету үшін, мемлекеттік әкімшілік-аумақтық бөлінісіне орай Негізгі Заң мемлекеттік басқару органдарының жүйесін бекіткен. Конституцияға сәйкес мемлекеттік басқару органдарының жүйесіне атқару билігінің жоғары органдары, мемлекеттік басқарудың орталық және жергілікті органдары кіреді.

**4. Оқытудың техникалық құралдары:** слайдтар, презентациялар

**5. Тақырыптың оқыту әдістері мен түрлері:** проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы

**6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі)**

**1-деңгейдің сұрақтары**

1. Мемлекеттік билік түсінігін мен түрлерін атаңыз
2. Мемлекеттік басқару органдары қызметінің ауқымына байланысты түрлерін көрсетіңіз
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретін атаңыз

**2-деңгейдің сұрақтары**

1. Республика Президентінің сыртқы саясаттағы өкілеттігі қалай жіктелетінін көрсетіңіз
2. Мемлекет органына тән белгілерді көрсетіңіз
3. Мемлекеттік билік пен мемлекеттік басқарудың өзара байланысын атаңыз

### **3-деңгейдің сұрақтары**

- 1.Мемлекеттік басқарудың принциптері мен ерекшеліктерін атаңыз.
- 2.Мемлекеттік биліктің негізгі белгілеріне анықтамасын беріңіз.

**7. тапсырмалары:**Билік және саясат тақырыбына талдау жасаңыздар

### **9- тақырып. Мемлекеттік билік жүйесі**

**Тақырыптың мақсаты мен міндеттері:**Мемлекеттік билік ұғымы және оны Қазақстан Республикасындағы ұйымдастырудың қағидаларын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдарының жүйесін, мемлекеттік билік жүйесіндегі жеке тұлға орнын магистранттарға таныстыру

**Тақырып мазмұны.**Мемлекеттің негізгі мәселесі билік болғандықтан, мемлекетімізде билік теориясы үлкен орын алады. Билік саясаттың саяси институттар мен барлық саяси әлемнің мінін түсініп-білуге көмектеседі. Шығыстың көрнекті ойшылы Ибн-Халдун (1332-1406) адамның басқа жан-жануарлардан ерекшелігі - ол билік үшін күреседі деген екен.Ағылшын философы, қоғам қайраткері Бертран Рассель (1872-1970) физикада басты ұғым энергия болса, қоғамдық ғылымдарда негізгі ұғым билік болып табылады деген.

Американың әйгілі әлеуметтанушысы Талкотт Парсонс (1902-1979) экономикалық жүйеде ақша қандай орын алса, саяси жүйеде билік те соншалықты орын алады деп тұжырымдаған.

Билік туралы мынандай тұжырымдамалар бар: Телеологиялық, бихевиористік, инструменталистік, структуралистік, конфликтілік. Сонымен билік деп біреудің екіншілерге әмірін жүргізіп, олардың іс-әрекеті, қызметіне ықпал етуін айтады.

Алғашқы қауымдық құрылыс кезеңінде билік қоғамдық сипатта болды. Мұнда қауым болып тайпаларды басқарды. Құл иеленушілік құрылыста құл иеленушілер және құлдар пайда болып, теңсіздік туды. Бір таптың екінші бір

тапты бағындыру қажеттілігі туды. Осылай билік аппараты дүниеге келді, адамдарды еркінен тыс, ықтиярсыз еркіне көндірген мекемелер пайда болды.

"Билік" сөзі әр мағынада қолданылады. Оны ықпал ету бағытына объектісіне байланысты былай бөлуге болады: Ата-аналар билігі, Мемлекеттік билік, Экономикалық билік. Саяси билік, Әлеуметтік билік. Құқықтық билік. Әскери билік. Рухани билік, т.с.с.

Бірақ биліктің толық мағынасы мемлекеттік-саяси салада ғана айқындалады. Сондықтан саяси билік биліктің ең негізгі түріне жатады. Жоғарыда аталған өлшемдер негізінде мемлекеттік билік органдарының мынадай үш негізгі түрі ерекшеленеді: Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Парламенті және Қазақстан Республикасы соттарының жүйесі. Осы органдардың бәрі жинақтала келе Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік органдарының бірыңғай жүйесін құрайды.

ҚР атқарушы билік органдарының жүйесі мына схема бойынша құрылады: Жоғарғы атқарушы билік органдары (ҚР Үкіметі) - Үкіметтің құрамына кіретін орталық атқару органдары (ҚР министрліктері, ведомстволары) - Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы билік органдары - жергілікті атқарушы билік органдары (облыстық, қалалық, аудандық әкімшіліктер).

Үкімет - ҚР Конституциясына сәйкес Қазақстанда атқарушы билікті жүзеге асырады, атқарушы билік органдарының жүйесін басқарады және олардың қызметтеріне басшылық етеді. ҚР Үкіметі өз қызметінде ҚР Президенті алдында жауапты, ол ҚР Парламентіне есеп береді. Үкіметті ҚР Президенті құрады. ҚР Үкіметінің құрамы мынадай мүшелерден тұрады: Премьер - министр, оның орынбасарлары, министрлер және өзге де лауазымды тұлғалар. Премьер - министрді ҚР Президенті Парламенттің келісімімен тағайындайды. Үкіметтің құрылымы және құрамы туралы ұсынысты ҚР Премьер - министрі тағайындалғаннан кейін 10 күннің ішінде ҚР Президентіне ұсынады. Үкіметтің қызмет ету тәртібі 1995 жылдың 18 желтоқсанында қабылданған "Үкімет туралы" ҚР конституциялық заңымен



анықталады. ҚР Үкіметі өз құзырылығындағы сұрақтар бойынша ҚР барлық территориясында міндетті күші бар қаулылар шығарады. ҚР Үкіметінің өкілеттіліктері:

- 1) әлеуметтік - экономикалық саясаттың, қауіпсіздіктің негізгі бағыттарын әзірлеу;
- 2) қоғамдық тәртіті, қорғану қабілеттілігін қамтамасыз ету;
- 3) орталық және жергілікті атқарушы органдарды басқарады;
- 4) республикалық бюджетті дайындап Парламентке ұсынады, оның орындалуын қамтамасыз етеді және осы туралы есеп береді.
- 5) мәжіліске заң жбаларын ұсынады және оның орындалуы қамтамасыз етеді;
- 6) сыртқы саясатты жүргізу бойынша шараларды даярлайды.

ҚР Министрлігі - мемлекеттік саясатты жүргізетін және белгіленген қызмет аясында басшылық ететін орталық атқару органы. Министрліктерді ҚР Президенті құрады, қайта құрады және таратады. Оның басшысын - министрді ҚР Президенті тағайындайды және босатады. Министрліктердің құқықтық мәртебесі қандайда болмасын сфераны реттейтін әртүрлі заңдарда, заң күшіндегі актілерде, мысалы, Министрліктер туралы Жағдайда бекітіледі. Министрлердің орынбасарлары, премьер - министрдің ұсынысы бойынша үкіметпен тағайындалады, сонымен қатар министрліктердің кеңес берушілік-үйлестіруші және кеңесуші бөлімдер де ашылады, олар министрдің бұйрығын іске асыру үшін шешім қабылдауға көмектеседі. Министрліктің құрамында департаменттер, бас басқармалар, комитеттер құрылады. Министрліктердің, ереже бойынша, екі жақты сәйкес бағыныштылықта болатын, министрлікке вертикаль бойынша, жергілікті әкімшіліктерге - горизонталь бойынша бағынатын аумақтық бөлімдері болады, мысалы, білім беру бөлімдері және т.б.

**4.Оқытудың техникалық құралдары:** слайдтар, презентациялар

**5.Тақырыптың оқыту әдістері мен түрлері:** проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы

## **6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі)**

### **1-деңгейдің сұрақтары**

- 1.Қазақстан Республикасының Парламенттің мақсаты, міндеттерін атаңыз
- 2.Сенаттан және Мәжілістің айырмашылығын көрсетіңіз
- 3.Премьер-министр қызметке қалай тағайынылатынын көрсетіңіз

### **2-деңгейдің сұрақтары**

- 1.Сот билігін іске асыру жолын суреттеңіз
- 2.Мемлекеттік билік ұғымының даму кезеңдерін көрсетіңіз
- 3.Парламент Сенатының міндеттерін атаңыз

### **3-деңгейдің сұрақтары**

- 1.Парламенттің өкілеттіктері мен ерекшеліктерін атаңыз.
- 2.Әкімдердің қызметінің негізгі бағыттарына анықтамасын беріңіз.

**7. тапсырмалары:** Билік саясаттанудың негізгі категория ретінде тақырыбына талдау жасаңыздар

## **10- тақырып. Мемлекет механизм ұғымы және теориялық негіздері**

**Тақырыптың мақсаты мен міндеттері:** Мемлекет механизмінің ұғымын, ұйымдастырудың және қызметінің принциптерін, мемлекеттің органы және оның мемлекет механизміндегі орнын, мемлекет механизмінің маңызды буындарының сипаттамасын магистранттарға таныстыру

**Тақырып мазмұны.** Мемлекеттің көп қырлы қызметі өзінің сипаты мен табиғаты, тікелей бағыты мен қалыптасу бағыттары, функциялары мен өкілеттіктері, жұмыс нысандары мен әдістерімен ерекшеленетін әр түрлі мемлекеттік құрылымдар жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Оларды комплексті пайдалану мемлекет мұқтажын қанағаттандыруға, олардың алдында тұрған міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылған мемлекеттік құрылымдардың барлығын бірнеше түрге бөлуге болады. Олардың ішінде мемлекеттік механизмнің маңызды буынын құрайтын мемлекет органдарының шоқтығы бөлек. Оның басқа бір буыны болып биліктің айырықша ұйымдастырушылық және ұйымдастыру-мәжбүрлеу құралдары (армия, полиция, түрме, барлау және контрбарлау) табылады. Мемлекеттік құрылымның үшінші бір түріне келетін болсақ (бұл жерде мемлекеттік шаруашылық әлеуметтік-мәдени және басқа ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындар айтылып отыр), ол мемлекеттің механизміне тікелей кірмейді, тек жанап қана өтеді.

Мемлекет механизміне орасан зор рөл берілген. Ол іс жүзінде мемлекеттік билікті жүзеге асыруға міндетті. Барлық биліктік жетекшілік, басқарушылық, бақылаушылық, ұйымдастырушылық және реттеушілік қызмет — мемлекет механизмінің шексіз құқықығы. Мемлекеттің саясаты, оның стратегиялық бағыты, тактикалық міндеті мемлекеттің механизмімен жасалып, сонымен түзетіліп, жүзеге асырылады.

Мемлекет механизмінің маңызды ерекшелігі, оның барлық буындарының ішкі бірлігінің болуы. Бір организмнің (мемлекеттің) бір бөлігі болып отырып, олар бір біріне қарсы келмеулері керек. Керісінше, олар күш біріктіріп, адамдардың түрлі саладағы тіршілік-тынысын қамтып, қоғамды біртұтас басқаруды қамтамасыз етулері керек. Олардың тарапынан алауыздық, мемлекет саясатын жүргізуге қайшы келетін әрекеттер жасау орынсыз болмақ.

Мемлекеттің органы мемлекет механизмінің «алғашқы клеткаларының» бірі болып табылады. Мұндай органдардың жиынтығы мемлекет механизмінің басты буынын құрайды. Мемлекеттік органның өзіне тән сипаты мен белгісі анықталған жағдайда ең алдымен оның мемлекеттің құрылымдық компоненті екендігін негізге алу қажет. Сондықтан мемлекеттің жалпы сипаты (егемендігі, өктемдігі, мемлекеттік аумақ шегіндегі қызметінің жалпы сипаты, адамдардың мемлекетке азаматтық тиістілігі негізінде жалпы халықты қамту) мемлекеттік органдардың сипатына өзінің белгісін түсіреді,

олардың әрқайсысында өзгеше ұйғарылады. Тұтас нәрсенің бір бөлігі ретінде (мемлекет және оның механизмі) мемлекеттік органда қандай жағдайда да тұтастық сипаты болады. Оның қандай құқықтары болса да, құзыреті басқа құрылымдардың құзыретінен қалай ерекшеленсе де, мемлекеттің атынан, билікті жүзеге асыру құралдарының бірі ретінде қызмет ететіндігі маңызды.

Заң ғылымында мемлекеттік органдарды мемлекет функциялары бойынша топтастырудың мүмкін еместігі туралы қалыптасқан пікір дұрыс, өйткені олардың көпшілігі бір ғана емес, екі немесе одан көп функцияларды жүзеге асыруға қатысады. Сондықтан мемлекеттік органдарды топтастыру үшін басқа негіздемелер алынады. Олардың ішінде ең көп тарағаны - өздерінің тікелей қатысы бар билік тармақтары бойынша топтастыру болып табылады. Бұл негіздеме бойынша барлық мемлекеттік органдар 1) заң шығарушы және өкілді; 2) атқарушы; 3) сот органдары болып бөлінеді.

Мемлекеттік биліктің заң шығарушы және өкілді органдары белгілі бір дәрежеде халықтық егемендікті бейнелейді. Сайлау процесімен халық сайлаған соң олар өздерін мемлекеттік маңызды мәселелерді шешуге халықтың өзінен мандат алған сияқты сезінеді. Әдетте, заң шығару функциясын мемлекет механизмінде негізгі орындардың бірін алып отырған парламент (кейде ол конгресс, сейм, фолькетинг хурал, ұлы халық жиналысы және т.б. деп аталады) жүзеге асырады. Федеративті мемлекеттерде әдетте парламент екі палаталы, ал көптеген біртұтас мемлекеттерде бір палаталы құрылымда болады. Бірақ, - бұл қатып қалған заң емес, басқаша да болуы мүмкін. Парламент заң шығармашылығынан басқа бірқатар жалпы мемлекеттік өкілеттіктерді де (мемлекеттік бюджетті және оның орындалуы туралы есепті бекіту, үкімет пен басқа атқарушы органдардың қызметіне бақылау жасау, мемлекеттің бірқатар органдары мен лауазымды тұлғаларын сайлау немесе тағайындау) жүзеге асырады, және соңғысының нақты көлемі бір елдің парламентінде ауқымды болса, басқалардында - шамалы.

**4.Оқытудың техникалық құралдары:** слайдтар, презентациялар

**5.Тақырыптың оқыту әдістері мен түрлері:** проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы

**6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі)**

**1-деңгейдің сұрақтары**

- 1.Мемлекеттің механизмінің ұғымының сипатын атаңыз
- 2.Мемлекет механизмінің ұйымдастыру принциптерін көрсетіңіз
- 3.Мемлекеттік органдардың сипаттарын атаңыз

**2-деңгейдің сұрақтары**

- 1.Мемлекеттік қызмет принциптері қалай жіктелетінін көрсетіңіз
- 2.Мемлекеттің органы мемлекет механизмінің негізі екенін дәлелдеңіз
- 3.Сот органдарының қызмет нысандарын атаңыз

**3-деңгейдің сұрақтары**

- 1.Мемлекет механизмінің маңызды буындарының сипаттамасы мен ерекшеліктерін атаңыз.
- 2.Мемлекет механизмінің құрамындағы биліктің ұйымдастыру-мәжбүрлеу құралдарына анықтамасын беріңіз.

**7. тапсырмалары:**Саяси жүйе түсінігі, жіктелуі, элементтері тақырыбына талдау жасаңыздар

## **11- тақырып. Мемлекеттік аппарат мәні, функциялары**

**Тақырыптың мақсаты мен міндеттері:**Саяси жүйе түсінігі, жіктелуі, элементтерін, мемлекеттік аппарат түсінігі, принциптері, мақсаттарын, мемлекеттік аппарат қызметінің және ұйымдастырылуының негізгі қағидаларын магистранттарға түсіндіру

**Тақырып мазмұны.**Саяси жүйе» ұғымын саяси ғылым XX ғасырдың орта шенінен қолдана бастады. Саяси жүйелер теориясының негізін қалағандар американдық саясаттанушылары Д.Истон мен Г.Алмонд. Д.Истон өзінің «Саяси

жүйе» (1953), «Саяси өмірді жүйелік талдау» атты еңбектерінде саяси жүйені сырттан келетін импульске жауап беретін дамып және өзін-өзі реттеп отыратын организм ретінде қарастырады. Бұл көзқарас тұрғысынан алып қарасақ, саяси жүйе біртұтас, қоғамдық өмірдің ерекше сферасы.

Г.Алмондтың «Салыстырмалы саяси жүйелер» (1956) деген мақаласында саяси жүйе саяси институттар мен саяси мәдениеттің бірлігі деген тұжырымға басты назар аударады. Марксизм позициясынан саяси жүйе саяси процестер субъектілері әлеуметтік топтардың мүдделерін бейнелейтін қоғамдық қондырманың элементі ретінде талданады. Бұл мүдделер саяси процестер арқылы, саяси шешімдерді қабылдау мен іске асыру арқылы саяси құрылымдардың көмегімен жүзеге асырылады. Мұндай тәсіл бойынша саяси жүйе ең алдымен саяси институттар жүйесі болады, автор институционалданған жүйені басқа жүйешелермен қатар тұратын жүйеше ретінде қарастырады.

«Саяси жүйе» ұғымы ең алдымен қоғамның саяси сферасының жүйелік сипатын білдіреді. Антика кезеңінен бастап саяси ойшылдар қоғамның әртүрлі саяси құрылыстары өмір сүретінін түсіне білді. Мысалы, Платон мемлекеттік басқарудың үш формасын көрсетеді: монархия, анархия, демократия, олардың әрқайсысы өз кезегінде заңды және заңсыз болып болінеді. Бұған ұқсас пікірді Аристотель де айтады, ол басқарудың төрт формасы болатындығын көрсете отырып, оларды дұрыс және дұрыс емес деп беледі.

Батыстық саясаттануда екі идея басым: біріншіден, саяси жүйе туралы белгілі бір нәрсені оның сыртқы ортамен байланысын сараптау арқылы айтуға болады; екіншіден, саяси жүйені нақты түсіну элементтердің өзара әрекетін, рольдік функцияларын және реттеуші нормаларын талдау нәтижесінде жолға қойылады.

**Мемлекеттік аппарат** дегеніміз – бұл мемлекеттік билік пен мемлекет функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жүйесі, басқаша

айтқанда, мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын атқару билігі органдарының жүйесі.

Мемлекеттік аппарат - заңнамада бекітілген бірыңғай қағидалар мен билік бөлінісі негізінде құрылған және қажетті материалдық құндылықтармен қамтамасыз етілген мемлекеттік органдар жүйесі. Мемлекеттік аппарат билігі қарулы күштер мен түрлі күштеу құрылымдарына сүйенеді. Осындай біртұтас жүйеде мемлекеттік органдардың әртүрлі топтары мен тарамдары өзара қарым-қатынаста әрекет ету арқылы мемлекеттің жалпы міндеттері мен қызметін іске асырады. Мемлекеттік органдардың құрылу тәртібі мен қызметі, құрылысы мен құзыреті құқықтық нормалармен бекітіледі және оларға жалпыға міндетті көпшілікке немесе жекелеген тұлғаларға бағытталған заңи актілер шығару құқығы беріледі. Осы актілер тәрбиелік, марапаттаушылық, сендіру, ал ол жеткіліксіз болған жағдайда күштеу шараларымен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар мемлекеттік органдардың мемлекеттік бюджеттен қаражат алу мүмкіндігі болады әрі өз қаулы-қарарларын орындатуға қажетті материалдық құралдармен жабдықталады.

Мемлекеттік аппарат - қоғамды басқару үшін арнаулы құрылған мемлекет органдарының біртұтас жүйесі. Оның нышандары: мемлекет қоғамды басқаратын және тек қана қызметпен шұғылданатын адамдардан тұрады; мемлекеттік аппарат мекеме мен органдардың байланыс жүйесі; мемлекет органдарының қызметі ұйымдастырушылық, материалдық және әкімшілік кепілдіктермен қамсыздандырылады; мемлекеттік аппарат азаматтардың заңды мүдделер мен құқықтарын қорғау үшін құрылады. Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның екінші бабында: «Мемлекеттік қызмет-азаматтардың мемлекеттік органдар мен олардың аппараттарында конституциялық негізде жүзеге асырылатын және мемлекеттік басқаруды жүзеге асыруға, мемлекеттің өзге де міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған кәсіби қызмет» делінген.

**4.Оқытудың техникалық құралдары:** слайдтар, презентациялар

**5.Тақырыптың оқыту әдістері мен түрлері:** проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы

**6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі)**

**1-деңгейдің сұрақтары**

- 1.Саяси жүйе түсінігі мен жіктелуін атаңыз
- 2.Мемлекеттік аппарат құрылымы мен функцияларын көрсетіңіз
- 3.Мемлекеттік аппарат қызметкерлерінің негізгі міндеттерін атаңыз

**2-деңгейдің сұрақтары**

- 1.Д.Истонтың саяси жүйенің талаптардың түрлерін көрсетіңіз
- 2.Мемлекет аппаратының ішкі және сыртқы құрылысының айырмашылығын көрсетіңіз
- 3.Саяси жүйенің даму элементтерін атаңыз

**3-деңгейдің сұрақтары**

- 1.Саяси ғылымда саяси-жүйенің типологиясы мен ерекшеліктерін атаңыз.
- 2.Мемлекеттік аппарат қызметінің және ұйымдастырылуының негізгі қағидаларына анықтамасын беріңіз.

**7. тапсырмалары:**Мемлекеттік аппарат мәні, функцияларына талдау жасаңыздар

**12- тақырып. Мемлекеттік басқарудың атқарушы билік органдарының ұғымы мен әкімшілік-құқықтық мәртебесі**

**Тақырыптың мақсаты мен міндеттері:**Атқарушы биліктің мақсаттары мен ұйымдастыру қағидаларын, атқарушы билік органдарын, атқарушы билік органдарының классификациясын, атқарушы билік органдарының жүйесін магистранттарға таныстыру

**Тақырып мазмұны.**Жалпы, атқарушы билік мемлекеттік биліктің бір тармағы болып табылады. Атқарушы билік – бұл заң күшіндегі реттеу



өкілеттілігін, сыртқы саяси өкілдіктердің өкілеттіліктерін, әртүрлі бақылау түлерін жүзеге асыру бойынша өкілеттіліктерді қоса алғандағы мемлекеттік істерді басқару бойынша өкілеттіліктердің жиынтығы.

**Атқарушы биліктің мақсаттары:**

- азаматтардың, қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- азаматтардың, қоғамның, мемлекеттің аман-есен өмір сүруіне септігін тигізетін жағдайлар жасау;
- азаматтардың немесе ұйымдардың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру үшін, адамдардың саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани өмірлерінің еркіндігіне жағдай жасау.

**Атқарушы биліктің негізгі белгілері:**

- жан-жақтылығы – адамдар ұжымдары қызмет еткен жерлердің барлығында болуы және үздіксіздігі;
- мәжбүрлеушілігі – күшке сүйенеді, ықпал ету шараларын жеке дербес жүзеге асыру мүмкіншілігі;
- құралдылығы – құқықтық, ақпараттық, техникалық ұйымдық қорларының болуы;
- ұйымдастырушылық сипатта болуы.

**Атқарушы билікті ұйымдастыру қағидалары:**

- халықтық билік қағидасы-бұл халық биліктің бірден-бір көзі болып табылады және атқарушы билік органдары арқылы және тікелей нормативті актілерді қабылдау арқылы жүзеге асырады. Атқарушы билік органдарының қызметіне заң шығарушы, сот биліктері және халық бақылау жасайды. Осы мақсатта тұрғындар алдында атқарушы билік органдарының лауазымды тұлғалары есеп берушілік тәртібі белгіленген.
- заңдылық қағидасы – бұл барлық мемлекеттік басқару органдары және олардың лауазымды тұлғалары өз қызметінде ҚР Конституциясын және басқа заңдарды қатаң сақтауы қажет дегенді білдіреді.
- биліктің бөлінуі қағидасы – бұл биліктің үш тармағының (заң шығарушы, атқарушы, сот билігі тармақтары) болатындығын және олардың жеке

дербестігін көрсетеді. Мемлекеттік биліктің әр тармағы белгіленген шекте өз функцияларын жүзеге асырады.

-жариялылық қағидасы – бұл ҚР Конституциясында нормативті-құқықтық актілер ресми жарияланады деп белгіленген. Адамның құқықтары, бостандықтары және міндеттеріне қатысты мемлекеттік басқару органдарының НҚА халыққа жарияланбаған болса, онда олар қолданылмайды, яғни мемлекеттік басқару органдарының қызметі жария түрде жүзеге асырылады.

-Адам құқығы мен бостандығының мемлекет мүддесі алдында басымдылығы қағидасы. Адам құқығы мен бостандығының мемлекет мүддесі алдында басым болады, өйткені адам құқықтары мен бостандықтары, өмірі мен денсауығы мемлекетіміздің жоғарғы құндылықтары болып табылады, сондықтан барлық мемлекеттік органдар, соның ішінде атқарушы билік органдары азаматтар алдында жауапты болады.

-Орталықтандыру (централизация) және децентрализация қағидасы. Централизация қағидасы – бұл мемлекеттік функциялардың көп бөлігі орталық атқару органдарының қарамағына кіруі. Централизация атқарушы биліктің бірыңғай жүйесінен туындайды. Децентрализация қағидасы – бұл бұл жоғары органдардың қол сұқпауынсыз, мемлекеттік функцияларды жеке, дербес жүзеге асыруды қандайда бір органның қарамағына беруді және өкілеттілікті бекітуді білдіреді. Децентрализацияның ерекше бір түрі – атқарушы билік органдарының өз өкілеттіліктерінің бір бөлігін бағынышты органдардың өкілеттілігіне делегирлеу.

**Атқарушы билік органдары** - бұл қоғам мен мемлекеттің әкімшілік-саяси, әлеуметтік -мәдени, шаруашылық және сала аралық аумақтық міндеттерді жүзеге асыру үшін атқарушы-бұйырушы өкілеттілік берілген және құрылымы болатын әлеуметтік құрылым немесе ұйым.

Атқарушы билік органдарының өз құрылымы, құзырығы бар мемлекеттік аппараттың бір бөлігі болып табылатын ұйым және заңнамаға сәйкес құрылады. Мемлекеттің тапсырмасы бойынша қызмет етуге қатысуға

құқық берілген, атқарушы-бұйырушы қызмет ету тәртібінде шаруашылық, әлеуметтік-мәдени, әкімшілік-саяси сфераларға күнделікті жетекшілік етуге, сала аралық басқарумен шұғылдануға арналған.

**4. Оқытудың техникалық құралдары:** слайдтар, презентациялар

**5. Тақырыптың оқыту әдістері мен түрлері:** проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы

**6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі)**

**1-деңгейдің сұрақтары**

1. ҚР Агенттігінің міндеттерін атаңыз
2. Атқарушы биліктің мақсаттарын атаңыз
3. Атқарушы биліктің негізгі белгілерін суреттеңіз

**2-деңгейдің сұрақтары**

1. Атқарушы билікті ұйымдастыру қағидалары қалай жіктелетінін көрсетіңіз
2. Атқарушы билік органдарының әкімшілік -құқықтық мәртебесі белгілерін көрсетіңіз
3. ҚР атқарушы билік органдарының жүйесінің схемасын суреттеңіз

**3-деңгейдің сұрақтары**

1. Атқарушы билік органдарының классификациясы мен ерекшеліктерін атаңыз.
2. Жергілікті атқару органдарының бағыттарына анықтамасын беріңіз.

**7. тапсырмалары:** Мемлекеттік аппарат түсінігі, принциптері, мақсаттарына талдау жасаңыздар

### **13- тақырып. Қазақстандағы билік жүйесін жетілдіру жолдары**

**Тақырыптың мақсаты мен міндеттері:** Мемлекеттік билік органындағы заң шығарушы органының құрылымы және атқаратын қызметін, Қазақстандағы сот билігін магистранттарға таныстыру

**Тақырып мазмұны.** Заң шығарушы дегеніміз-ол, мемлекет билігінің тізбегі ретінде және оның міндетін Қазақстан Республикасының Парламенті орындайды.

Парламент — Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы. Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады.

Мемлекет механизміне орасан зор рөл берілген. Ол іс жүзінде мемлекеттік билікті жүзеге асыруға міндетті. Барлық биліктік жетекшілік, басқарушылық, бақылаушылық, ұйымдастырушылық және реттеушілік қызмет — мемлекет механизмінің шексіз құқықығы. Мемлекеттің саясаты, оның стратегиялық бағыты, тактикалық міндеті мемлекеттің механизмімен жасалып, сонымен түзетіліп, жүзеге асырылады.

Мемлекет механизмінің маңызды ерекшелігі, оның барлық буындарының ішкі бірлігінің болуы. Бір организмнің (мемлекеттің) бір бөлігі болып отырып, олар бір біріне қарсы келмеулері керек. Керісінше, олар күш біріктіріп, адамдардың түрлі саладағы тіршілік-тынысын қамтып, қоғамды біртұтас басқаруды қамтамасыз етулері керек. Олардың тарапынан алауыздық, мемлекет саясатын жүргізуге қайшы келетін әрекеттер жасау орынсыз болмақ.

Мемлекеттің органы мемлекет механизмінің «алғашқы клеткаларының» бірі болып табылады. Мұндай органдардың жиынтығы мемлекет механизмінің басты буынын құрайды. Мемлекеттік органның өзіне тән сипаты мен белгісі анықталған жағдайда ең алдымен оның мемлекеттің құрылымдық компоненті екендігін негізге алу қажет. Сондықтан мемлекеттің жалпы сипаты (егемендігі, өктемдігі, мемлекеттік аумақ шегіндегі қызметінің

жалпы сипаты, адамдардың мемлекетке азаматтық тиістілігі негізінде жалпы халықты қамту) мемлекеттік органдардың сипатына өзінің белгісін түсіреді, олардың әрқайсысында өзгеше ұйғарылады. Тұтас нәрсенің бір бөлігі ретінде (мемлекет және оның механизмі) мемлекеттік органда қандай жағдайда да тұтастық сипаты болады. Оның қандай құқықтары болса да, құзыреті басқа құрылымдардың құзыретінен қалай ерекшеленсе де, мемлекеттің атынан, билікті жүзеге асыру құралдарының бірі ретінде қызмет ететіндігі маңызды.

Заң ғылымында мемлекеттік органдарды мемлекет функциялары бойынша топтастырудың мүмкін еместігі туралы қалыптасқан пікір дұрыс, өйткені олардың көпшілігі бір ғана емес, екі немесе одан көп функцияларды жүзеге асыруға қатысады. Сондықтан мемлекеттік органдарды топтастыру үшін басқа негіздемелер алынады. Олардың ішінде ең көп тарағаны - өздерінің тікелей қатысы бар билік тармақтары бойынша топтастыру болып табылады. Бұл негіздеме бойынша барлық мемлекеттік органдар 1) заң шығарушы және өкілді; 2) атқарушы; 3) сот органдары болып бөлінеді.

Мемлекеттік биліктің заң шығарушы және өкілді органдары белгілі бір дәрежеде халықтық егемендікті бейнелейді. Сайлау процесімен халық сайлаған соң олар өздерін мемлекеттік маңызды мәселелерді шешуге халықтың өзінен мандат алған сияқты сезінеді. Әдетте, заң шығару функциясын мемлекет механизмінде негізгі орындардың бірін алып отырған парламент (кейде ол конгресс, сейм, фолькетинг хурал, ұлы халық жиналысы және т.б. деп аталады) жүзеге асырады. Федеративті мемлекеттерде әдетте парламент екі палаталы, ал көптеген біртұтас мемлекеттерде бір палаталы құрылымда болады. Сенат әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан, тиісінше облыстан, республикалық маңызы бар қаланың және Республика астанасының барлық өкілді органдары депутаттарының бірлескен отырыстарында сайланатын депутаттардан құралады. Сенатты жеті депутатын Сенат өкілеттігі мерзімше Республиканың Президенті тағайындайды. Сенат депутаттары жанама сайлау

құқығы негізінде жасырын дауыс беру жолымен сайланады. Қазақстан Республикасының кемінде бес жыл азаматы болған, жасы отызға толған, жоғары білімі және кемінде бес жыл жұмыс стажы бар, тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың не Республика астанасының, аумағында кемінде үш жыл тұрақты тұрған азаматы алты жыл өкілеттік мерзімге Сенат депутаты бола алады.

Сенаттың ерекше қарауына: Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Республика Жоғарғы Сотының Төрағасын, Алқалар төрағаларын және Жоғарғы Соттын судьяларын сайлау және қызметтен босату, олардың антын қабылдау; Республика Президентінің Республиканың Бас Прокурорын және Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру және Қазақстан Республикасы Конституциясының 55-бабында көзделген басқа да мәселелер жатады.

Мәжіліс— Парламенттің төменгі палатасы. Ол жетпіс жеті депутаттан тұрады. Алпыс жеті депутат Республиканың әкімшілік-аумақтық бөлінісі ескеріле отырып құрылатын және шамамен сайлаушылардың саны тең бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады. Он депутат барабар өкілдік жүйесі бойынша және біртұтас Жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер негізінде сайланады. Мәжіліс депутаттарын сайлау жалпыға бірдей тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Республиканың жасы жиырма беске толған азаматы бес жыл өкілеттік мерзімге Мәжіліс депутаты бола алады.

Парламент Палаталарының бөлек отырысында мәселелерді әуелі Мәжілісте, ал содан соң Сенатта өз кезегімен қарау арқылы: заңдар қабылдайды; республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есептерді, бюджетке енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды талқылайды, мемлекеттік салықтар мен алымдарды белгілейді және оларды алып тастайды; Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының мәселелерін шешу тәртібін белгілейді; азаматтарға рақымшылық жасау туралы актілер

шығарады және Қазақстан Республикасы Конституциясының 54-бабында көзделген басқа да өзгерістерді жүзеге асырады.

Сот билігі дегеніміз-ол, мемлекет билігінің бір тізбегі ретінде Қазақстан Республикасының аумағында әділдік пен теңсіздікті қамтамасыз ететін және әлеуметтік,әділдікті орнатудағы заңды шешім қабылдау нәтижесінде жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жоғарғы сотынан төменгі деңгейдегі сот органдарын айтады.

Сот билігі-ол биліктің жеке бір тәуелсіз әрі өте маңызды саласы болып табылады. Жалпы сот билігінің шынайы тәуелсіздігіне және әділдігінің өте маңызы бар. Себебі демократиялық қоғам қалыптастырып дамыту үшін ол басты әрі шешуші роль атқарады. Қазақстан Республиксы Конституциясының 75 бабына сәйкес Қазақстан Республиксында сот билігін тек сот органдары ғана жүзеге асырады.Сот билігі азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын және Қазақстан Республиксы сот жүйесін Жоғарғы Сот пен жергілікті әкімшіліктердегі аудандық, қалалық және облыс орталықтарында орналасқан соттар құрайды.Соттарды тағайындау арнайы заңдар бойынша жүзеге асырылады және олар біліктілік емтиханын тапсыруға міндетті, ал сот судияларын таңдауды немесе іріктеуді Қазақстан Республиксы Президентінің жанындағы Конституциялық Кеңес жүзеге асыруға міндетті.Қазақстанда Жоғарғы сот құрамын сот пленумы, азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі алқа мен әскери алқа құрайды.Сот билігінің төрелігін Қазақстан Республикасы Конституциясында белгіленген қағидаларға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс болады. Қазақстан Республикасында мемлекеттік аппараттар жүйесінде Сот Кеңесінің алатын орыны өте зор. Бұрынғы Конституция бойынша ол Конституциялық сот деп аталған.Қзақстандағы сот билігінің денгейін қазір қанағаттандырарлық деп бағалауға толық негіз бар.Сот алдында азаматтар да заңды тұлғалар тең және мемлекетке де жеке дара жеңілдіктер көзделінбеген.Сот билігі кез-келген мемлекет үшін аса маңызды аппарат болып табылады.

Қазақстандағы сот жүйесінің мәнін анықтайтын негізгі актілер — ҚР Конституциясы және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық заң. Осы басты құжаттарға сәйкес еліміздің сот жүйесін Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты және жергілікті соттар құрайды. Жергілікті соттарға облыстық және соған теңестірілген соттар, сондай-ақ аудандық және соған теңестірілген соттар жатады.

Мемлекет механизміне орасан зор рөл берілген. Ол іс жүзінде мемлекеттік билікті жүзеге асыруға міндетті. Барлық биліктік жетекшілік, басқарушылық, бақылаушылық, ұйымдастырушылық және реттеушілік қызмет — мемлекет механизмінің шексіз құқықығы. Мемлекеттің саясаты, оның стратегиялық бағыты, тактикалық міндеті мемлекеттің механизмімен жасалып, сонымен түзетіліп, жүзеге асырылады.

Мемлекет механизмінің маңызды ерекшелігі, оның барлық буындарының ішкі бірлігінің болуы. Бір организмнің (мемлекеттің) бір бөлігі болып отырып, олар бір біріне қарсы келмеулері керек. Керісінше, олар күш біріктіріп, адамдардың түрлі саладағы тіршілік-тынысын қамтып, қоғамды біртұтас басқаруды қамтамасыз етулері керек. Олардың тарапынан алауыздық, мемлекет саясатын жүргізуге қайшы келетін әрекеттер жасау орынсыз болмақ.

